

Ұйғыр ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 маусымдағы N 35-2 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ұйғыр ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 30 шілдеде N 2-19-103 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 43-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010.12.22 N 43-7 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 53-бабының 2-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұйғыр ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен отын сатып алуға бес айлық көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек төленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Т. Кадыров</i>	
	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
<i>хатшысы</i>	<i>М. Нуров</i>	